



## Азия даму банкі және Қазақстан

### АҚПАРАТТЫҚ АНЫҚТАМА

1-кесте. **Қазақстан 2013: займдар, ТК және мақұлданған гранттар** (\$ млн.)<sup>а</sup>

Займдар				
Тәуелсіз.	Тәуелсіз емес	ТК	Гранттар	Барлығы
150,00	80,20	0,65	–	230,85

– = нөл.  
<sup>а</sup> Бірлесе қаржыландыруды қоспағанда.

2-кесте. **Қазақстан: секторлар бойынша бөлшектеуде АДБ арнайы қорларымен қаржыландырылатын қарыз беру мен гранттардың жалпы көлемі (1966-2013)<sup>а</sup>**

Сектор	No.	Барлығы	
		(\$ млн.)	% <sup>б</sup>
А/ш және табиғи ресурстар	4	180,20	5,56
Білім	3	65,00	2,00
Энергетика	2	40,00	1,23
Қаржылық сектор	6	575,00	17,73
Салааралық	2	60,00	1,85
Мемлекеттік секторды басқару	1	500,00	15,42
Көлік және АКТ	10	1,788,30	55,14
Сумен қамтамасыз ету және өзге де коммуналдық инфрақұрылым мен қызметтер	1	34,60	1,07
<b>Қорытынды</b>	<b>29</b>	<b>3243,10</b>	<b>100,00</b>

**Игерілгендердің жалпы көлемі** \$2051 млн.

АКТ = Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар.

<sup>а</sup> Қол қойғанға дейін жойылған займдарды қоспағанда. Мемлекеттік және мемлекетсіз кепілдіктер займдары мен Азия даму қорынан және өзге де арнайы қорлардан, оның ішінде Азия цунами қорынан, Азия-Тынық мұхит Табиғи апаттарда зардап шеккендерге көмек көрсету қорынан, Климаттың өзгеруі жөніндегі қордан және Пәкістан жер сілкінісі қорынан қаржыландырылатын гранттарды қамтиды.

<sup>б</sup> Қорытынды сома деңгелектеу салдарынан сәйкес келмеуі мүмкін.

3-кесте. **Қазақстан: өнімдер бойынша бөлшектеуде мемлекеттік кепілдіксіз қаржыландырудың жалпы көлемі**

Жобалар саны	6
	Сомасы (\$ млн.)
Займдар	255,20
Жеке капиталдағы инвестициялар	–
Кепілдіктер	200,00
Коммерциялық кәсіпорындарға ссудалар	–
<b>Қорытынды</b>	<b>455,20</b>

– = нөл.

Азия даму банкі (АДБ) мен Қазақстан арасындағы серіктестік 1991 жылы еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін басталды. Жоспарлы экономикадан нарықтыққа көшуді қолдау үшін АДБ ауыл шаруашылығы, білім салаларына, әлеуметтік қызмет жүйелеріне қажетті көмек көрсетті. 2004 жылы АДБ Үкіметтің сыртқы қаржыландыруға қажеттілігінің төмендеуіне байланысты мемлекеттік секторға қарыз беру бойынша іс-шараларды тоқтатты. Алайда 2007 жылы ғаламдық экономикалық дағдарыс Қазақстан Республикасының Үкіметін қаржыландырудың сыртқы жеңілдік көздеріне жүгінуге мәжбүр етті. Осының салдарынан АДБ 500 млн. АҚШ доллары көлемінде контрциклдік заем ұсынды. Соңғы жылдары Қазақстанда АДБ қызметі көлік секторын, шағын және орта бизнесті дамыту, білім беру және жеке секторды дамыту сияқты мәселелерге бағытталған. Орталық Азия өңірлік экономикалық ынтымақтастық (ОАӨЭЫ) бағдарламасы шеңберіндегі өңірлік ынтымақтастық АДБ-нің Қазақстандағы ажырамас бөлігі болып табылады.

АДБ-ға қосылған сәттен бастап 1994 жылы Қазақстанға ауыл шаруашылығын, білімді, қаржы секторын, көлікті, сумен қамтамасыз ету және санитарияны, суландыру жүйелерін дамытуға тәуелсіз және тәуелсіз емес займ түрінде 3,2 млрд. АҚШ долларынан аса сома бөлінді.

2012 жылы Қазақстан АДБ Азия даму қорына 5,49 АҚШ доллары көлемінде жарнаны жүзеге асырып, АДБ-мен өзінің өзара қарым-қатынасын нығайтты.

2014 жылғы мамырда Астанада ғаламдық және өңірлік талаптарды талқылау үшін 3000-нан аса қатысушыны жинайтын АДБ Басқарушылар кеңесінің жыл сайынғы отырысы өтеді.

### АДБ қолдайтын бағдарламалар мен жобалар

АДБ Қазақстан Республикасына мемлекет алдында тұрған транзиттік әлеуетті арттыру, ғаламдық көліктік желіге ықпалдасу және ОАӨЭЫ коридорларының инвестициялық жобалары, оның ішінде сыртқы сауда айналымын арттыруға және экономиканы дамытуды ынталандыруға арналған Жамбыл облысындағы Батыс Еуропа – Батыс Қытай халықаралық көлік коридорының 375 км учаскесін қайта құруға ОАӨЭЫ 1 шеңберінде 700 млн. АҚШ доллары; және 2016 жылға дейін жол жүрудің орташа уақытын 12 сағаттан 4 сағатқа дейін қысқарту үшін Маңғыстау облысында ОАӨЭЫ 2 коридоры үшін 800 млн. АҚШ доллары үшін қаржыландырудың мультитранштық тетіктерінің (ҚМТ) көмегімен логистиканы дамыту бойынша мақсаттарға қол жеткізуге ықпал етуде.

АДБ мемлекеттік секторға қаржылық мекемелеріне өтемпаздықты ұсыну үшін ҚМТ көмегімен орта және шағын бизнесті қолдауда займ беруді жалғастырады. Валюталық және пайыздық тәуекелдер тиянақталған мөлшерлеме бойынша ұлттық валютада займ беру есебінен жойылады.

Энергетика секторында АДБ назары знергия тиімділігін арттыру, орталық жылу желілерін жаңарту үшін техникалық көмек ұсыну және операциялардың тұрақтылығын, тиянақтылығын, қауіпсіздігі мен энергиялы тиімділігін қамтамасыз ету үшін институционалды әлеуетті дамыту мәселелеріне бағытталған.

АДБ-нің соңғы жылдардағы қарыз беруді ұйғармайтын өзге де іс-шаралары АДБ еліңдегі кедейлік деңгейінің БҰҰ даму бағдарламасымен бірлескен бағасы; жеке секторды бағалауды; инфрақұрылым секторы үшін ұзақ мерзімді стратегиялық жол карталарын; және көптеген гендерлік-бағыттау іс-шараларын, оның ішінде Қазақстан Республикасы Статистика агенттігімен бірлесе отырып, гендерлік статистиканы құру мен

4-кесте. Қазақстан: табысты жоба коэффициенті		
Сектор	% <sup>a</sup>	Бағаланатын жобалар/бағдарламалар саны
А/ш және табиғи ресурстар	50,0	2
Білім	50,0	2
Қаржылық сектор	100,0	1
Салааралық	100,0	1
Мемлекеттік секторды басқару	100,0	1
Көлік және АКТ	50,0	2
Сумен қамтамасыз ету және өзге де коммуналдық инфрақұрылым мен қызметтер	–	1
<b>Қорытынды</b>	<b>60,0</b>	<b>10</b>
<b>Мақұлданған жылы</b>		
1990	71,4	7
2000	33,3	3

– = нөл, АКТ = Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар.

<sup>a</sup> Жобалар/бағдарламалар бәсекелестігі туралы есеп (PCR), PCR валидациялары (PVR) туралы есеп, PVR, сондай-ақ PCR және PVR/PPER рейтингтері бар барлық жағдайларда PPER рейтингілерін пайдаланумен жобалар/бағдарламалар тиімділігінің бағасы туралы есептің (PPER) жыйынтық көрсеткіштері негізінде.

Көздері: 2013 жылғы 31 желтоқсандағы жай-күй бойынша есептелген рейтингімен PCR, PVR және PPER есептері.

5-кесте. Қазақстан: мемлекет кепілдігімен және гранттармен займ үшін портфель сапасы тиімділігінің индикаторлары, 2012–2013		
Ағымдағы займдар саны (2013 жылғы 31 желтоқсандағы жай-күй бойынша)		10
	2012 (\$ млн.)	2013 (\$ млн.)
Тағайындалған келісім-шарттар/міндеттемелер <sup>a,b</sup>	242.7	257.4
Игеру <sup>a</sup>	269.1	219.0
Ағымдағы гранттар саны (2013 жылғы 31 желтоқсандағы жай-күй бойынша) <sup>c</sup>		–
	2012 (\$ млн.)	2013 (\$ млн.)
Тағайындалған келісім-шарттар/міндеттемелер <sup>a,b</sup>	–	–
Игеру <sup>a</sup>	–	–
Нақты проблемалы жобалар (%)		–

– = нөл.

Ескерту: қортынды сома деңгейлектеуге байланысты сәйкес келмеуі мүмкін.

<sup>a</sup> Келісім-шарттар жасалған немесе жыл ішінде игеру болған жабық займдарды/гранттарды қамтиды.  
<sup>b</sup> Стратегиялық қарыз беру/гранттарды қоспағанда.  
<sup>c</sup> Тек Азия даму қоры мен АДБ-нің өзге де арнайы қорларының қаражаттарын ғана қамтиды.

таратуды жақсарту бойынша компоненттерді қамтиды.

АДБ білім беру саласында саясатты жоғары деңгейде әзірлейтін адамдар арасында конструктивтік диалогты ынталандыруға, және экономикалық саясатты әзірлеудің және жоспарлау стратегиясын жетілдірудің ықтимал курстарын қарау мақсатында экономикасы қалыптасқан өзге елдермен және дамыған елдермен сабақ және үздік практикамен алмасуға бағытталған екі негізгі зерттеу (Қазақстанның индустриалды саясаты бойынша және білімге негізделген экономика бойынша) жүргізді. Салалар деңгейінде шағын қалаларда қалалық инфрақұрылымды қаржыландыру бойынша консультациялық көмек берілді.

## Мемлекеттік кепілсіз операциялар

Жеке инвестициялардың катализаторы бола отырып, АДБ мемлекеттік кепілсіз мемлекеттік сектордағы, сондай-ақ тікелей займдар, жеке капиталға инвестициялар, кепілдер, коммерциялық кәсіпорындарға ссудалар мен саудаға ықпал ету түрінде жеке сектордағы жобаларға қаржылық қолдау көрсетеді. Ынтымақтастық басталған сәттен бастап АДБ жалпы 455 млн. АҚШ доллары сомасына Қазақстанның жеке секторы үшін алты жобаны мақұлдады. 2013 жылғы 31 желтоқсандағы жай-күй бойынша АДБ-нің Қазақстандағы жеке сектордағы операциялары бойынша жалпы қарыздарының қалдығы мен міндеттемелері 42,1 млн. АҚШ долларын, немесе АДБ-нің мемлекеттік емес сектордағы жалпы портфелінен 0,6% құрады.

АДБ-нің Саудаға ықпал ету бағдарламасы (СЫБ) сауданы қолдаумен серіктес банктер арқылы кепілдер мен займдар беру жолымен нарықтағы олқылықтардың орнын толтырады. 2004 жылдан бастап СЫБ шеңберінде саудаға ықпал ету үшін 16 млрд. АҚШ долларына 8000-нан аса шағын және орта бизнесті қолдаумен 4000-нан аса операция жасалған. 2013 жылы саудаға ықпал ету бойынша операциялар 4 млрд. АҚШ доллары сомасындағы 2000 операцияны құраған. Қазақстанда СЫБ саудаға ықпал ету бойынша бес операцияға 4,8 млн. АҚШ долларын бөлген екі банкпен ынтымақтастықта. СЫБ-ның нарықтағы олқылықтың орнын толтырудан басқа міндеті – инвестициялар тарту және жеке сектордың Азияның дамуына қатысуы. Қазақстанда жеке сектор СЫБ шеңберінде саудаға ықпал етуге бөлінген 4,8 млн. АҚШ долларынан 45% бірлесіп қаржыландырылған.

## Бірлесіп қаржыландыру

Қаржыландыру бойынша операциялар АДБ-нің қаржылық серіктестеріне, үкіметтер мен мемлекеттік органдарға, көп тарапты қаржы институттары мен коммерциялық ұйымдарға АДБ жобаларын қаржыландыруға қатысу мүмкіндігін береді. Қосымша қаражат ресми займдар мен гранттар, коммерциялық кәсіпорындарға ссудалар, тәуекелдерді, қосарлас займдарды беру бойынша іс-шаралар және АДБ Саудаға ықпал ету бағдарламасы шеңберінде операцияларды бірлесе қаржыландыру түріндегі қаржыландырудың коммерциялық түрлері нысанында ұсынылады.

2013 жылдың соңында Қазақстан үшін ресми бірлесе қаржыландырудың тікелей қосымша құны үш инвестициялық жобалар бойынша 2,56 млрд. АҚШ долларын және төрт техникалық көмек жобасы бойынша 2 млрд. АҚШ долларын құрды. Қазақстан үшін коммерциялық бірлесе қаржыландырудың сомарлық тікелей қосымша құны бір инвестициялық жоба бойынша 2,15 млн. АҚШ долларын құрды.

## 6-кесте. Қазақстан: жобаларды бірлесе қаржыландыру 1 ҚАҢТАР 2009 - 31 ЖЕЛТОҚСАН 2013

Бірлесе қаржыландыру	Жобалар саны	Сомасы (\$ млн.)
Жобалар <sup>a</sup>	4	2561,65
Ресми займдар	3	2559,50
Коммерциялық бірлесе қаржыландыру	1	2,15
Техникалық көмек гранттары	1	1,00

<sup>a</sup> Бірден аса көздермен қаржыландырылған жоба тек бір рет қана есепке алынды.

2009 жылғы 1 қаңтар мен 2013 жылғы 31 желтоқсан аралығындағы кезеңге бірлесе қаржыландырумен жобалар бойынша қысқаша мәліметпен [www.adb.org/countries/kazakhstan/cofinancing](http://www.adb.org/countries/kazakhstan/cofinancing) сілтемесі бойынша танысуға болады.

## Серіктестік

АДБ Қазақстан Республикасының Үкіметімен және қарыз беру және басқалар бойынша да өз операциялары шеңберінде даму бойынша өзге де серіктестермен тығыз серіктестікте. Дүниежүзілік банкпен, Ислам даму банкімен, Еуропа қайта құру және даму банкімен, Жапония Халықаралық ынтымақтастық агенттігімен серіктестікте бола отырып, АДБ Үкіметке ОАӨЭЫ шеңберінде Батыс Еуропа – Батыс Қытай автожол коридоры учаскесін қайта құруда ықпал етеді. Бұл халықаралық көлік коридорының ұзындығы – 2 787 км, Алматы және Шымкент арқылы өтіп, Хоргос станциясын РФ шекарасымен қосады.

АДБ жеке секторын дамыту және бәсекеге қабілеттігін арттыру үшін жайлы жағдай жасау мақсатында Шетелдік инвесторлар кеңесі шеңберінде бизнес-қоғамдастығы мен басшылыққа ықпал етуін жалғастырады.

Өз қызметтерінің тиімділігін, сапасы мен тұрақтылығын арттыру үшін АДБ Қазақстанның қоғамдық ұйымдарымен ынтымақтастықта болады.

## Сатып алулар

1966 жылғы 1 қаңтардан бастап 2013 жылғы 31 желтоқсанға дейінгі кезеңде АДБ займдық жобалары бойынша жалпы сомасы 122,11 млрд. АҚШ доллары болатын 188 780 келісім-шарт бойынша мердігерлер мен жеткізушілер тартылды. Қазақстанда осы уақыт кезеңінде мердігерлермен және жеткізушілермен АДБ займдық жобалары бойынша жалпы сомасы 1117,35 млн. АҚШ доллары болатын 288 келісім-шарт жасалған.

### 7-кесте. Қазақстан: сатып алулар бойынша келісім-шарттар үлесі

Бап	2012		2013		Қорытынды (31 желтоқсан 2013)	
	Сом (\$ млн.)	Жалпы саннан %	Сом (\$ млн.)	Жалпы саннан %	Сом (\$ млн.)	Жалпы саннан %
Тауарлар, жұмыстар және тиісті қызметтер	104,78	1,38	–	0,00	1117,35	0,88
Консультациялық қызметтер	0,59	0,10	4,71	0,93	8,89	0,09
– нөл,00 = 0,01%-дан кем.						

### 8-кесте. Қазақстан: АДБ-нің займдық жобалары бойынша тартылған мердігерлер/жеткізушілер 1 қаңтар 2009 - 31 желтоқсан 2013

Мердігерлер/жеткізушілер	Сектор	Келісім-шарт сомасы (\$ млн.)
“Қазақжолқұрылысы” ЖШС	Көлік және АКТ	165,93
“АСПМК 519” ЖШС	Көлік және АКТ	104,78
“Ақмола Құрылыс Материалдары” ЖШС	Көлік және АКТ	46,91
“Аксиома Сервис Контракт” ЖШС	Көлік және АКТ	5,01
“Құлагер” құрылыс корпорациясы” ЖШС	Көлік және АКТ	4,56
АКТ = Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар.		

### 9-кесте. Қазақстан: АДБ-нің займдық жобалары бойынша тартылған негізгі консультанттар (жеке және консалтингтік фирмалар) 1 қаңтар 2009 - 31 желтоқсан 2013

Консультант	Жасалған келісім-шарттар саны	Келісім-шарт сомасы (\$ млн.)
“Жол Сапа” ЖШС	1	4,33

1966 жылғы 1 қаңтардан бастап 2013 жылғы 31 желтоқсанға дейінгі кезеңде АДБ займдық жобалары бойынша жалпы сомасы 5,28 млрд. АҚШ доллары болатын 12432 келісім-шарт бойынша консультанттар тартылды. Қазақстанда осы уақыт кезеңінде консультанттармен АДБ займдық жобалары бойынша жалпы сомасы 5,02 млн. АҚШ доллары болатын 12 келісім-шарт жасалған.

1966 жылғы 1 қаңтардан бастап 2013 жылғы 31 желтоқсанға дейінгі кезеңде АДБ гранттық жобалары бойынша жалпы сомасы 826,5 млн. АҚШ доллары болатын 2433 келісім-шарт бойынша консультанттар тартылды. Қазақстанда осы уақыт кезеңінде консультанттармен АДБ гранттық жобалары бойынша жалпы сомасы 0,86 млн. АҚШ доллары болатын 10 келісім-шарт жасалған.

### 10-кесте. Қазақстан: АДБ-нің гранттық жобалары бойынша тартылған негізгі консультанттар (жеке және консалтингтік фирмалар) 1 қаңтар 2009 - 31 желтоқсан 2013

Консультант	Жасалған келісім-шарттар саны	Келісім-шарт сомасы (\$ млн.)
Жеке консультант	1	0,29

### 11-КЕСТЕ. Қазақстан: АДБ-нің Техникалық көмек жобалары бойынша тартылған негізгі консультанттар (жеке және консалтингтік фирмалар) 1 қаңтар 2009 - 31 желтоқсан 2013

Консультант	Жасалған келісім-шарттар саны	Келісім-шарт сомасы (\$ млн.)
“Қазақстан ғылыми-зерттеу жобалау институты” ЖШС	1	0,18
“Эрнст энд Янг Қазақстан” компаниясы	1	0,15
Жунусова ЖК	1	0,04
“Сандж” зерттеу орталығы	1	0,02
Жеке консультанттар	54	1,09

1966 жылғы 1 қаңтардан бастап 2013 жылғы 31 желтоқсанға дейінгі кезеңде АДБ техникалық көмек жобалары бойынша жалпы сомасы 3,3 млрд. АҚШ доллары болатын 28709 келісім-шарт бойынша консультанттар тартылды. Қазақстанда осы уақыт кезеңінде консультанттармен АДБ техникалық көмек жобалары бойынша жалпы сомасы 3,01 млн. АҚШ доллары болатын 164 келісім-шарт жасалған.

## Операциялық сипаттағы қиындықтар

Теңізге шықпайтын, ауқымды аумақты мекен еткен халқы аса көп емес әлемдегі ірі ел болып табылатын Қазақстан үлкен шығыстар мен әлемдік нарыққа қолжетімділік алу, ел ішінде мемлекеттік қызмет ұсыну проблемасымен бетпе-бет келуде. Көлік желісін жақсарту көлік шығыстарын қысқартып, тауарлар мен сауданың қозғалысына әрекет етуге ықпал ететін ұлттық басымдылық болып табылады. Жалпы алғанда, Қазақстанға басым бөлігі кеңестік кезеңнен қалған және көптеген жағдайларда істен шығып қалатын энергетикалық, көліктік және қалалық инфрақұрылымын жаңартуға жаппай инвестициялар қажет.

Үкіметтің диверсификацияны және бәсекеге қабілеттілікті арттырумен экономикалық өсуді ынталандыру жөніндегі даму стратегиясы тиімді мемлекеттік басқаруға және экологиялық тұрақтылыққа негізделуін қамтамасыз етуге бағытталған қосымша күш қажет.

АДБ және Қазақстан іс-шаралардың орындылығы мен тиімділігін нығайту үшін жобаларды сәйкестендіру және мақұлдау рәсімін үйлестіру керек.

## Жұмыстың болашақтағы бағыттары

2012-2016 жылдарға Елмен серіктестік бағдарламасы шеңберінде АДБ әлеуеттің өсуіне, білім жинақтауға және техникалық көмек пен экономиканы әртараптандыру мен жеке секторды дамытуды қаржылық қолдау арқылы экономикалық саясат мәселелері бойынша диалогқа ықпал етуін жалғастырады. Мемлекеттік секторға қарыз беру бойынша іс-шаралар таңдаулы және жеке сектордың инвестициялары жоқ салаларға тоғыстырылатын болады. 2014-2016 жылдарға Қазақстанның мемлекеттік секторына қарыз берудің индикативтік көлемі негізінен инфрақұрылымдарды және коммуналдық кәсіпорындарды жаңартуға, шағын және орта бизнес үшін қаржылық

ресурстарға қолжетімдікті жақсартуға бағытталған 1 млрд. АҚШ доллары көлемінде болжанады. Алдағы жылдары АДБ мен Қазақстан Республикасының Үкіметі арасындағы өзара қарым-қатынас жергілікті атқарушы органдар мен мемлекеттік емес секторларды қаржыландыруға бағытталады.

Инновациялық технологиялар және Қазақстан даму бағдарламалары үшін даму саласындағы үздік практикаларды алмасу бойынша жобалардың жоғары маңыздылығын сезіне отырып, елдің кірісі орта деңгейдегі ел санатына кіруін есепке алып, Үкімет пен АДБ Білім мен тәжірибе алмасу жөніндегі бірлескен Бағдарламаға бастамашылық жасады. Екі жақ та өзара ынтымақтастық саласын бірлесе отырып анықтайды және бірлесе қаржыландырады.

## Қазақстан және АДБ туралы

АДБ-дағы мүшелік  
1994 ж. бастап

### Акциялар мен дауыс беру құқығы

Иеліктегі акциялар саны: 85608 (жалпы саннан 0,810%)  
Дауыстар саны: 125055 (жалпы өкілдіктен 0,946%,  
1,453% жалпы өңірлік өкілдіктен)  
Жиынтық капиталға жазылу: \$1,32 млрд.  
Акционерлік капиталға жазылу: \$65,94 млн.

### Арнайы қорлар ресурстарына жарналар

Қазақстан Азия даму қорына (АДҚ), өзінің қатысушы елдерін жеңілдік қаржыландыру үшін АДБ құралына, жобалар даярлау мен техникалық және экономикалық зерттеулерді жүзеге асыруға қарыз алушы елдерге грант беретін Техникалық көмек арнайы қорына (ТКАҚ) үлес қосты.

АДҚ-ға (бөлінген): \$5,08 млн  
ТКАҚ-қа жарна (бөлінген): \$0,41 млн

АДБ Директорлар кеңесінде Қазақстан атынан Атқарушы директор Мухаммад Сами Саед және Атқарушы директордың орынбасары кіші Гауденцио Хернандес өкілдік етеді.

Мэтью Уэстфолл – Қазақстандағы АДБ Өкілдігіндегі АДБ-нің өңірлік директоры. Қазақстанда АДБ Өкілдігі 1998 жылы ашылған және Банк қызметін жүзеге асыру кезінде АДБ мен Үкіметті, жеке сектор мен қоғамдық ұйымдарды байланыстыратын негізгі операциялық буын болып табылады. Өкілдік экономика саясаты мәселелері бойынша диалогқа қатысады және Қазақстанда даму мәселелері бойынша білім базасы ретінде әрекет етеді.

АДБ-мен ынтымақтастыққа жауапты Қазақстан Республикасының басты мемлекеттік органы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігі болып табылады.

### Азия даму банкі туралы

АДБ – акционерлері 48-і өңірлерден және 19-ы жер шарының басқа бөліктерінен болатын 67 қатысушы ел болып табылатын жан-жақты даму банкі. АДБ-нің дамушы елдерге көмек көрсету үшін негізгі құралдары мыналар болып табылады: экономикалық саясат, займдар, жеке капиталға инвестициялар, кепілдіктер, гранттар мен техникалық көмек (ТК) мәселелерін талқылау. 2013 жылы қарыз беру көлемі 13,19 млрд. АҚШ долл. (101 жоба), ТК көлемі - 155,61 млн. АҚШ долл. (248 жоба) және жобаларға гранттар - 849,02 млн. АҚШ долл. (23 жоба) құрайды. Бұған қоса, 6,65 млрд. АҚШ долл. ресми займдар мен гранттар және коммерциялық қаржыландыру түріндегі тікелей бірлесе қаржыландыру түрінде тартылған, мысалы, коммерциялық кәсіпорындарға ссудалар, тәуекелдерді беру бойынша операциялар, қатарласпа займдар мен Саудаға ықпал ету бағдарламасы шеңберінде АДБ операцияларын бірлесе қаржыландыру. 2009 жылғы 1 қаңтардан бастап 2013 жылғы 31 желтоқсанға дейінгі кезеңде жыл сайынғы қарыз алу көлемі орта есеппен 12,19 млрд. АҚШ долл. құрады, осы кезеңдегі инвестициялық гранттар көлемі орта есеппен 801,8 млн. АҚШ долл. құрады, АДБ және арнайы қор ресурстарымен қаржыландырылатын ТК көлемі - 165,66 млн. АҚШ долл. құрады. 2013 жылғы 31 желтоқсандағы жай-күй бойынша бірлесе қаржыландыруды қоспағанда жиынтық көлемі: 44 елдегі 2629 жоба бойынша займдарда 203,41 млрд. АҚШ долл., гранттарда 6,46 млрд. АҚШ долл., және ТК өңірлік гранттарын қоса алғанда ТК гранттарында 4,25 млрд. АҚШ долл.

## Байланыстар

АДБ-нің Қазақстандағы өкілдігі (KARM)  
Самал 12, "Астана Тауер" бизнес орталығы  
20-қабат, Астана, 010000, Қазақстан  
Tel +7 7172 325053/325054  
Fax +7 7172 328343  
[www.adb.org/kazakhstan](http://www.adb.org/kazakhstan)  
[adbkarm@adb.org](mailto:adbkarm@adb.org)

Алматыдағы KARM кеңсесі  
Арай ғимараты, 2-қабат  
Қазыбек би, 20А  
050010 Алматы, Қазақстан  
тел +7 727 312 3100 то 03  
факс +7 727 312 31 11

АДБ Штаб-пәтері  
6 ADB Avenue, Mandaluyong City  
1550 Metro Manila, Philippines  
тел +63 2 632 4444  
факс +63 2 636 2444

Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігі  
Министрліктер үйі, Астана 010000  
тел +7 7172 742809/742910  
факс +7 7172 743148

АДБ вебсайттарына пайдалы сілтемелер  
Азия даму банкі  
[www.adb.org](http://www.adb.org)

Азия дамуының болжамы  
[www.adb.org/publications/series/asian-development-outlook](http://www.adb.org/publications/series/asian-development-outlook)

Жыл сайынғы есеп  
[www.adb.org/documents/series/adb-annual-reports](http://www.adb.org/documents/series/adb-annual-reports)

Депозитариялар  
[www.adb.org/publications/depositories/kaz](http://www.adb.org/publications/depositories/kaz)

Даму индикаторлары мен экономикалық көрсеткіштердің толық тізіміне қол жеткізу үшін мына сілтемені қараңыз:

Статистика деректер базасы  
[www.adb.org/data/statistics](http://www.adb.org/data/statistics)